

**«8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты
Аманжол Нәзерке Ізтілеуқызының «CLIL технологиясы негізінде болашақ
жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән мұғалімдерінің кәсіби бағытталған
шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық
жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытты: 4. Елдің зияткерлік әлеуеті: 4. 1 «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылым бағыты: 4.1. 2. Психология, білім беру және ғылымтану
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал <u>оның маңыздылығы ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу педагогикалық білім беру, CLIL педагогикасы және кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникация салаларындағы теориялық және қолданбалы мәселелерді тоғыстырады. Диссертацияның құндылығы – автор пәндік мазмұн мен тілді кіріктіре оқыту үдерісін тек әдістемелік деңгейде емес, педагогикалық жүйе ретінде қарастырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу құрылымының бірізділігі, авторлық ұғымдық нақтылаулар, педагогикалық шарттардың жүйеленуі және арнайы курстың мазмұндық тұтастығы жұмыстың дербес орындалғанын көрсетеді. Автор теориялық қорытындыларын эмпирикалық деректермен ұштастырып, өзіндік ғылыми ұстанымын сенімді таныға алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Автор өзектілікті формалды декларациялар арқылы емес, нақты

		<p>1) <u>негізделген</u>; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>педагогикалық қайшылықтарды талдау арқылы негіздейді: пән мұғаліміне қойылатын жаңа талаптар бар, бірақ оны қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орта жеткілікті қалыптаспаған. Мұндай тәсіл зерттеу проблемасының ғылыми шынайылығын күшейтеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация тақырыпты атау деңгейінде ғана емес, ішкі мазмұн деңгейінде де толық ашады: ұғымдық талдау, модельдеу, тәжірибелік тексеру және әдістемелік өнім жасау бір желіге жинақталған. Әсіресе үшінші бөлімнің бірінші және екінші бөлімдермен сабақтастығы жақсы сақталған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Мақсат, нысан, пән және міндеттер арасында логикалық алшақтық байқалмайды. Зерттеу мақсаты теориялық пайымдаудан бастап нақты педагогикалық интервенцияны тексеруге дейінгі толық циклді қамтиды, бұл оның композициялық тұтастығын арттырады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның құрылымы сызықтық емес, спиральды даму логикасына ұқсайды: әр келесі тарау алдыңғысында қойылған мәселелерді терендетіп, қолданбалы деңгейге шығарады. Мұндай байланыс зерттеудің ішкі тұтастығын және автордың ғылыми ойлау мәдениетін көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор CLIL-ді жай ғана халықаралық тренд ретінде қабылдамай, оны қазақстандық жоғары мектеп контексіне бейімдеудің шектеулері мен мүмкіндіктерін саралаған. Әсіресе дәстүрлі тілдік оқыту мен пәндік-тілдік интеграция арасындағы айырмашылықтарды талдауы зерттеудің дәлелдеу қуатын күшейтеді</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Бұл жұмыстың жаңалығы тек жаңа термин енгізуде емес, белгілі ұғымдарды жаңа конфигурацияда құрастыруында жатыр. Автор кәсіби бағытталған шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікті болашақ жарастылыстану пән мұғалімдері даярлығының ядросы ретінде қарап, оған сәйкес педагогикалық шарттар мен құрылымдық-мазмұндық модельді ұсынады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қорытындылар дайын теорияларды қайта баяндамайды, керісінше авторлық педагогикалық конструкцияның жұмыс істеу шарттарын көрсетеді. Әсіресе кәсіби өзіндік тиімділік, тілдік тосқауыл және пәндік мазмұнды ағылшын тілінде игеру арасындағы байланыс жөніндегі пайымдар дербес ғылыми нәтиже ретінде көрінеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Педагогикалық зерттеу ретінде жұмыстағы негізгі жаңалық әдістемелік және білім беру технологиясына қатысты шешімдерде көрінеді. Мұнда арнайы курс, рубрикатор, диагностикалық құрал, self-efficacy tracking және кәсіби қарым-қатынасқа бағытталған контент құрылымының жиынтығы ерекше мәнге ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Зерттеудің күшті жағы – автордың тек нәтижені көрсетуімен шектелмей, сол нәтижеге алып келген педагогикалық механизмдерді ашып көрсетуі. Сандық және сапалық design шеңберінде ұштасуы қорытындылардың дәйектілігін арттырады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; <u>2) жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? <u>1) иә;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u></p>	<p>Қорғауға шығарылған ережелер формалды тезистер емес, диссертация құрылымының қаңқасын құрайтын тораптық ғылыми тұжырымдар болып табылады. Олардың әрқайсысы теориялық талдауда басталып, модельдік негізде нақтыланып, эксперимент нәтижелерімен бекітілген.</p>

		<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеуде тандалған әдіснама мәселенің күрделілігіне сәйкес: мұнда бір мезгілде тілдік даму, кәсіби даярлық, мотивация және оқу ортасының әсері қарастырылады. Сондықтан әдіснаманы таңдауы формалды емес, мазмұндық тұрғыдан негізделген шешім.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Сандық деректерді өңдеуде Jamovi пайдаланылуы, paired t-test және өзге статистикалық тәсілдердің қолданылуы зерттеудің қазіргі талаптарға сәйкестігін көрсетеді. Сонымен қатар тақырыптық анализ сапалық блоктың әдіснамалық негізділігін күшейтеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Авторлық модель жай сипатталып қоймаған, ол нақты оқу үдерісіне енгізіліп, 15 апталық интервенция барысында тексерілген. Эксперименттік топтағы көрсеткіштердің өзгерісі модельдің педагогикалық өнімділігін айқындайды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Әдеби шолуда классикалық еңбектер мен заманауи халықаралық зерттеулердің үйлесуі байқалады. Бұл әсіресе CLIL, көптілді білім беру, коммуникативті құзыреттілік және мұғалімдерді даярлау мәселелерін талдауда көрінеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдебиеттер корпусы зерттеу тақырыбының теориялық және эмпирикалық өрісін қамтуға жеткілікті. Әсіресе шетелдік және отандық көзқарастардың қатар берілуі жұмыстың интерпретациялық мүмкіндігін кеңейткен.</p>

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ.	Теориялық маңызы оның педагогикалық даярлықты «тіл үйрету» шеңберінен шығарып, кәсіби дискурс пен кәсіби әрекет тұтастығында қарастыруында. Бұл жұмыс болашақ мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін жаңа аналитикалық деңгейде сипаттайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) иә;</u> 2) жоқ.	Практикалық құндылығы дайын курс пен әдістемелік камтамасыз етуде ғана емес, оны оқу бағдарламасына енгізу сценарийінің айқын болуында. Жұмыстың нәтижелері педагогикалық университеттерде, мұғалімдердің кәсіби даму бағдарламаларында және көптілді мектептерде қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикаға ұсынылған шешімдер диссертациядан тыс өмір сүре алатын дербес әдістемелік өнім ретінде көрінеді. Бұл оларды тек ғылыми нәтиже ғана емес, нақты енгізуге дайын педагогикалық ресурс ретінде бағалауға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Мәтіннің тілі ғылыми, бірақ шамадан тыс ауыр емес; автор күрделі ұғымдарды жүйелі баяндап, тараулар арасындағы логикалық өтулерді сактай алған. Академиялық ресімдеу деңгейі докторлық диссертация жұмысына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Пайдаланылған кейбір ағылшын тілді терминдерге (мысалы, scaffolding, self-efficacy, reflective practice) мәтін ішінде қысқаша бірізді түсіндірме беру рецензенттік қабылдауды одан әрі нақтылай түсер еді. Қосымшаларда берілген диагностикалық құралдар мен бағалау материалдарының қолданылу алгоритмін қысқаша нұсқаулық форматында беру олардың практикалық пайдаланылуын жеңілдететін түсер еді. Аталған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және диссертациялық жұмыстың мазмұнына, ғылыми жаңалығына, теориялық және практикалық маңыздылығына кері әсерін тигізбейді.	
12.	Ресми рецензенттің шешімі	Философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады. Жұмыс өзекті ғылыми проблемаға арналған, тұжырымдамалық тұрғыдан орнықты, әдіснамалық жағынан негізделген және тәжірибелік құндылығы жоғары зерттеу ретінде бағаланады. Осыған байланысты Аманжол Нәзерке Ізтілеуқызына «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деген шешім қабылдау орынды деп санаймын.	

Ресми рецензент:
Баишев университетінің профессоры,
философия докторы (PhD),
педагогика ғылымдарының кандидаты



Ж. А. Майданғалиева